



TENGE MONITOR

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ

Газет 2006 жылдың 15 желтоқсанынан шыға бастады

//27 ТАМЫЗ 2020 ЖЫЛ

↳ 30 ТАМЫЗ – КОНСТИТУЦИЯ КҮНІ

АТА ЗАҢ – КЕМЕЛДЕНУ КЕШІЛІ

Мемлекеттің тұғырын бекітетін де, бүкіл құрылымын ығытатын да – оның Негізгі заңы, Конституциясы. Қазақ елі Тәуелсіздік алғаннан бергі тарихында Ата заңымыз күні – мәні де, маңызы да айрықша мереке.

ИСАТАЙ ҚАМБАРОВ

Ғасырға толар-толмас тарихымызға зер салар болсақ, ең алдымен Алаш арыстары күшігерімен бастау алған, содан кейін де республикамызда бірнеше Конституциялар өмірге келіпті. Ең алғашқысы, өкінішке орай, 1926 жылы 18 ақпанда Қазақ АССР-і Орталық Атқару комитеті шешімімен тұңғыш Конституция жазылып, РСФСР Орталық Атқару комитеті оны бекітпеген соң күшіне енген.

Бұдан кейін 1937 жылы 26 наурызда Жалпықазақ кеңестерінің X төтенше съезі қабылдап, бекіткен Конституциямыз бар. 40 жыл ғұмыр кешкен бұл Негізгі заң орнын 1978 жылы 20 сәуірдегі «кемелденген социализм» аталған кезеңнің Конституциясы басқан екен. Міне, осы құжат Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында жазылып қабылданған, 1993 жылы 28 қаңтардағы Қазақстанның тәуел Ата заңы қолданысқа енгенге дейін өмір сүрді. Бұл ретте еліміздің егемендік алғанын жариялаған 1993 жылғы тұңғыш Конституция – мемлекетіміздің тәуелсіздігін ең жоғары заң тұрғысында, саяси-құқықтық сипатта алғаш бекіткен құжат болды. Ол 4 бөлім, 21 тарау, 131 бап пен өтпелі кезең ережелерінен тұрды.

Ал, қазіргі қолданыстағы Конституция жалпыхалықтық референдум негізінде 1995 жылдың 30 тамызында қабылданып, сол жылдың 5 қыркүйегінде күшіне енді. Ол 9 тарау және 98 баптан тұрды.



ҚАЙТА ҚАБЫЛДАНҒАН КОНСТИТУЦИЯ НЕСІМЕН ЕРЕКШЕЛЕНДІ?

Айта кету керек, 1993 жылғы құжатта конституциялық құрылымның негіздері бекітіліп әрі Қазақстан парламенттік республика атанды.

Ал, Ата заңымызға сәйкес, Қазақстан Республикасы – барлық азаматтардың құқықтық теңдігін қамтамасыз ететін демократиялық, зайырлы және біртұтас мемлекет деп танылды. Халықтың атынан билік жүргізу құқығы өздерінің конституциялық өкілеттігі шегінде Жоғарғы Кеңес пен Президентке берілді.

Дегенмен, 1993 жылғы Конституция ескі өкімішл-өміршіл ережелерге сүйенгендіктен, жана қоғам талабына сай бола алмады. Сонымен қатар онда адамның жеке құқығы мен бостандығы

және оны қамтамасыз ету қағидалары, мемлекеттік үкімет билігін жүргізу нысандары, басқару саласындағы демократиялық институттардың қызметі нақты айқындалмаған болатын.

Сондықтан Конституция жалпыхалықтық референдум негізінде 1995 жылдың 30 тамызында қайта қабылданып, 5 қыркүйекте күшіне енді. Ол 9 бөлімнен, 98 баптан тұрды. Онда Қазақстан Республикасының демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет екендігі, мемлекеттің ең жоғарғы құндылығының адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандығы екені нақтыланды.

АТА ЗАҢҒА ЖЕКЕЛЕГЕН ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗІЛДІ

Атап айтар болсақ, 2011 жылы қаңтарда ҚР парламенті Консти-

туцияға Нұрсұлтан Назарбаевтың президенттік мерзімін шектемеу жөнінде өзгеріс енгізді. Ол бойынша «бір адам қатарынан екі реттен артық республика президенті болып сайлана алмайды. Бұл шектеу Қазақстанның тұңғыш президентіне – Елбасыға қолданылмайды» делінген Негізгі заңда. Сондай-ақ Қазақстанның бірінші президентіне «Елбасы» мәртебесі берілді.

НЕГІЗГІ ЗАҢЫМЫЗДАҒЫ РЕФОРМАЛАР

2017 жылы Қазақстан президенті Нұрсұлтан Назарбаев конституциялық реформа туралы жария етті. Соған сәйкес, Елбасы өз өкілеттігінің біраз бөлігін үкімет пен парламентке өткізетін болды.

▶ ҚАЗАҚСТАН ҚОР НАРЫҒЫ

АКЦИЯЛАР	Last	%Δ1D	%Δ1M
Risers			
HSBK 26.08.20 15:00	116,83	+2,93	+1,22
KZAR 26.08.20 15:00	6 064,99	+0,25	+0,66
GB KZMS 26.08.20 15:00	2 950,00	+0,24	+5,17
KZTK 26.08.20 15:00	26 308,00	+0,01	-2,19
Индекс KASE 26.08.20 15:00	2 441,09	+0,44	+0,89

АКЦИЯ НАРЫҒЫ

Symbol	Last	%Δ1D	%Δ1M
MM Index 26.08.20 17:34	10,28	+0,91	+2,68
TONIA 26.08.20 14:59	10,39	+0,12	+2,78
SWAP-1D (USD) 26.08.20 15:00	11,03	-0,46	+3,62
TWINA 26.08.20 14:13	9,50	+0,65	+0,47
SWAP-2D (USD) 26.08.20 15:00	10,30	-0,16	+2,20
KazPrime-3M (KZT) 26.08.20 11:30	10,50	0	0

КОРПОРАТИВТІК ОБЛИГАЦИЯЛАР

Deals	Yield	DTM
SKKZb11 26.08.20	10,75	-
ATFBe7 26.08.20	0,00	-
FFINb3 26.08.20	0,00	-
SNRGb2 26.08.20	11,30	-
THLZb1 24.08.20	15,55	-
BTASe16 24.08.20	0,00	-

МЕМЛЕКЕТТІК БАФАЛЫ ҚАҒАЗДАР

Deals	Yield	DTM
MUM108_0013 26.08.20	10,35	-
KZ_06_4410 26.08.20	2,70	-
MKM012_0148 26.08.20	10,00	-
MUM120_0016 26.08.20	9,75	-
TR_01_2408 26.08.20	6,18	-
NTK182_2665 24.08.20	10,00	-

> [3]

▶ ӘЛЕМДІК ҚОР НАРЫҒЫ

Индекс	Value	%Δ
KASE	2 430,44	-0,04%
FTSE 100	6050,55	-0,89%
CAC 40	5008,27	0,01%
S&P 500	3447,00	0,47%
Dow Jones	28248,44	-0,21%
Nikkei 225	23296,77	1,25%
DAX	13061,62	-0,04%
SSE Comp	3446,62	-0,13%

Тауарлар	Value	%Δ
Мұнай	45,86	1,89%
Алтын	1 911,15	-1,68%
Платина	930,00	0,00%
Палладий	2 163,00	-1,46%
Никель	14 906,00	2,03%
Алюминий	1 776,00	0,82%
Күміс	26,50	-1,45%

Валюта нарықтары	Value	%Δ
USDKZT	418,09	-0,33%
EURKZT	494,52	-0,36%
USD RUB	75,6209	0,41%
USD JPY	27,4350	-0,07%
USD BHN	2,6503	1,51%
EUR USD	1,1807	-0,22%
GBP USD	1,3145	-0,04%

↳ QOLDAU: АГРОКЕШЕН

Фермерлер алғашқы сақтандыру төлемдерін алды

Был агроонеркәсіп кешенінде ерікті сақтандыру жүйесі жұмыс істей бастады. Жыл басынан іске қосылған жана жүйе ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне сақтандыру шартын үйден шықпай-ақ жасауға мүмкіндік берді.

БЕКЕТ КӨКЕНАЙҰЛЫ

Агроонеркәсіп кешеніндегі бұл жүйенің операторы – «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ-ның еншілес компаниясы Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры. Сақтандыру шартын жасаудан бастап сақтандыру жағдайын тіркеуге дейінгі барлық үдеріс Qoldau.kz платформасындағы «Agroinsurance» ақпараттық сервисінде жүзеге асырылады.

Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін ынғаландыру, түзеулерді азайту және салаға инвесторлар тарту үшін сақтандыру сыйақыларын субсидиялайтын мемлекеттік қолдау қарастырылған.

Шарт жасасқан соң фермер сақтандыру сыйақысы сомасының тек 50%-ын төлейді, қалған бөлігі мемлекеттік қолдау есебінен төленеді.

Топырақтағы ылғал деңгейі спутниктің көмегімен анықталып, тікелей мониторинг жүргізіледі. Сақтандыру жағдайы туралы хабарлама фермердің платформадан жеке кабинетіне келеді. Солан кейін ол сақтандыру төлеміне өтініш береді.

«Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ сақтандыру департаментінің директоры Әсел Рамазанова осы жүйе арқылы биыл маусым айында 60 шаруашылық егіс алқаптарын құрғақшылықтан сақтандырағанын айтты. Сақтандыру сыйақысы 199 миллион теңгені құраған. Осы ретте егіншілікпен айналысатын фермерлер мемлекеттік субсидияның көмегі арқылы сақтандыру шығындарының жартысын өтеп алған екен. Нәтижесінде 47 шаруашылық жалпы сомасы 491 миллион

тенге болатын сақтандыру төлеміне қол жеткізді.

Жана жүйенің игілігін көргендердің бірі – егіншілікпен айналысатын шаруа қожалығының басшысы Қанат Әлмұхамедов. Ол билді, арпа, жүгері, құнбағыс өсіреді. Ақмола, Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстарында егістік алқаптары бар. «Был 8315 гектар жерімізді сақтандырдық. 22,5 миллион тенге төледік. Оның жартысын мемлекет субсидиялады. Біздің аймақтарда 60 күнге дейін жауын-шашын болмады. Сондықтан ақпараттық жүйе арқылы өтініш беріп, 86,5 миллион тенге төлемді өтемақы алдық. Ерікті сақтандыру жүйесі өте ынғайлы. Барлық операция онлайн форматта өтеді», – дейді Қанат Әлмұхамедов.

Ауыл шаруашылығы сақтандыру нарығын одан әрі дамыта түсу мақсатында Qoldau.kz электронды алаңын жетілдіріп, қызмет көрсету қолжетімділігін арттыру жоспарлануда.

↳ НЕГІЗГІ ӨСІМ



КРІ: Кешен құрылысы аяқталуға жақын

Пандемия кезінде қара алтын бағасының құлдырауы бұл саланы тірек еткен компаниялар үшін ауыр соққы болды. Сын-қатер коюланған кезде Самұрық-Қазына компаниялары тобында қабылданған онтайландыру шараларының арқасында 422 миллиард теңгеге резервтер құрылған.

БОТАГӨЗ ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ

Еліміздің мұнай саласы тағы бір дағдарыстың толқынын аман-есен өткеруде. Бұл дер кезінде жүргізілген онтайландыру мен резервтерді нәтижесінде мүмкін болды. Ендігі жерде салада операциялық тиімділікті арттыру бойынша жұмысты әрі қарай жалғастыру қажет.

> [5]

БИЗНЕС&ЖАҢАЛЫҚ

АПТА ТЫНЫСЫ

Өңірлік даму

Шалғай ауылдар мәселесі сөз болды



Мәжілістің Экономикалық даму комитетінің төрағасы Нұртай Сабильянов Шығыс Қазақстан облысына барып, тұрғындармен кездесті.

Депутат әлеуметтік-экономикалық мәселелер, соның ішінде автомобиль жолдарын жөндеу, тұрғын үй салу және тұрғындарды жоғары жылдамдықты интернетпен қамтамасыз ету сияқты бірқатар мәселелерге назар аударды. Сондай-ақ, мемлекеттік экономиканы карантин зардаптарынан қалпына келтіру бойынша қабылдаған шараларға байланысты және соған сәйкес әлеуметтік саланы дамыту, аз қамтамасыз

етілген азаматтарға, білім беру және медициналық мекемелерге көмек көрсету мәселелері де қамтылды. Н.Сабильяновтың айтуынша, тұрғындарды таза ауыз сумен қамтамасыз ету, электр энергиясын жеткізуді арттыру, көмір бағасы, тұрғын үй салу, жолдарды жөндеу және пошта байланысын жақсарту ерекше назарлы.

Сапар барысында депутат Абай ауданының Қарауыл ауылында жергілікті тұрғындармен кездесіп, таза ауыз сумен қамтамасыз ету жұмыстарын байқады, жаңадан салынып жатқан мектеп құрылысы мен тұрғын үйлерге барып, құрылысшылармен жүздесті. Аягөз қаласында

дәрігерлермен кездесіп, ауданаралық ауруханада жаңадан ашылған, заман талабына сай медициналық құралдармен жабдықталған ангиографиялық бөлмеі көрді. Депутат халыққа жоғары деңгейде медициналық қызмет көрсетіп жатқан ақ халатты абзал жандардың адал еңбектері үшін алғыс білдірді.

Исапай барысында депутат Шығыс Қазақстан облысының орталығынан 570 шақырым жерде орналасқан Алғабас, Қайнар, Абыралы ауылдарында халықпен кездесті. Сондай-ақ депутат республикалық маңызы бар Семей-Қайнар автожолын жөндеу, жаңа көпір салу жұмыстарымен танысты.

Еңбек нарығы

Солтүстікте жұмыс күші жетіспейді



Солтүстік Қазақстан облысының өкімі Құмар Ақсақалов өңірде жол құрылысы салысында мамандар жетіспейтінін мәлім етті.

Әкімдік отырысында аймақ басшысы әлеуметтік салаға жетекшілік ететін орынбасары Ғани Нығметовке

жол құрылысы мамандарын даярлауды тапсырды. «Жыл сайын жол құрылысындағы жұмыстар көбейгендіктен, бізде жұмыс күші тапшы. Басқа өңірлерден жұмысшыларды тартуға тура келеді. Бұл дұрыс емес. Азаматтарды еңбекке өз өнімімізден тартуымыз керек.

Жұмыс көлемі аз болмайды», — делі Қ.Ақсақалов.

Облыс өкімінің айтуынша, құрылыс саласындағы жұмыс көлемінің өсімі мердігер ұйымдарды жұмыспен қамтуға мүмкіндік береді.

«Екі жыл бұрын жол жөндеу жұмыстарына 21 компания тартылған болатын, олардың тек жартысы ғана біздің өңірде орналасып, тіркелген. Был әрбір төрт мердігердің үшеуі — біздің жергілікті компаниялар. Нәтижесінде жергілікті мердігерлерді жұмыспен қамтамасыз ету арқылы салық базасы артып, бизнес дами.

Мемлекеттік қолдаудың және жаңа жұмыс орындарының арқасында біз бюджеттің кіріс бөлігін асыра орындаймыз. Бұл ең алдымен салықтар есебінен», — делі аймақ басшысы.

Жақсылық жаса

Балалар оқуға дайын болуы тиіс

Түркістан қаласында «Мектепке жол» республикалық акциясы өтті. Аталған шара әлеуметтік жағдайы төмен, аз қамтылған көпбалалы отбасыларды мектепке қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етіп, балаларды мектепке дайындау мақсатында ұйымдастырылды.



Шара аясында Nur Otan партиясы Түркістан облыстық филиалы мектепке қажетті құралдарды жабдықтауға қаржылай көмек көрсетті. Акцияға арнайы қатысқан партияның филиал төрағасының бірінші орынбасары Бейсенбай Тәжібаев жас өрендерге жаңа оқу жылы табысты өтсін деген тілегін жеткізді. Республикалық акция аясында Түркістан

қаласындағы жартылай жетім, аз қамтылған және көпбалалы отбасылардан шыққан 50 бала көмекпен қамтылды. Оқушыларға есеп және жазба дәптерлері, сурет салуға арналған сызба альбомы мен түрлі-түсті қима қағаздары, жазу-сызуға арналған құралдар мен жеміс және өзге де

заттар салынған мектеп сөмкелері табысталды. Бұл көмекті үйдестіруге жасотандық белсенділер де өз үлесін қосты. Жас Отан жастар қанаты Түркістан облыстық филиалының төрағасы Жансерік Жұманның айтуынша, мұндай игі бастамалар алдағы уақытта да жалғасын табады.

ҮКІМЕТ: КЕЛЕЛІ МІНДЕТТЕР КӨШІНДЕ

Үкімет кезекті отырысында еліміздің 2021-2025 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамын қаралды. Бұдан бөлек, ағымдағы егін жинау жұмыстарының барысы баямдалды. Жылпы басқарған Премьер-министр Аскар Мамин күн тәртібіндегі мәселелер бойынша тиісті нұсқаулар берді.

БОТАӨЗ ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ

Селекторлық отырыста еліміздің 2021-2025 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамы, «ҚР Ұлттық қорынан 2021-2023 жылдарға арналған кепілдендірілген трансферт туралы», «2021-2023 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» ҚР заңдарының жобалары, сондай-ақ «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2021 жылға арналған нысаналы трансферт бөлу туралы» ҚР Президенті Жарлығының жобасы қаралды.

Fitch рейтингтік агенттігінің быылғы тамыздағы деректеріне сәйкес Қазақстанның инвестициялық сенімділігі BBB — тұрақты. Бұл дағдарысқа қарсы шаралар уақытында қабылданып, құрылымдық реформалар табысты жүргізілгендігін білдіреді. Сонымен бірге ел экономикасының тұрақтылығын, мемлекеттік қаржының төмендігін, Ұлттық банк жүргізетін ақша-несие саясатының тиімділігін және фискалдық резервтердің елауір көлемін көрсетеді. Қазірде аталған рейтинг мемлекеттердің 60 пайызында төмендеп отыр. Қазақстанның 2021-2025 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамына сәйкес, болжанатын кезенге ІЖӨ орташа жылдық өсу қарқыны 4%-ті құрайды. Атаулы ІЖӨ 2021 жылы 76,7 трлн теңгеден 2025 жылы 104,8 трлн теңгеге дейін өседі. Ұлттық банк жылдық инфляцияның нысаналы дәлізін 2021 жылы 4-6% шегінде сақтап, кейіннен 2025 жылы 3-5%-ке дейін төмендетуді болжайды. 2021 жылға арналған республикалық бюджетте шығыстардың жаңа бастамалары көзделген, оның ішінде педагог пен медицина қызметкерлерінің мәртебесін көтеру, олардың жалақысын арттыру, МӘМС-ке мемлекет жарналары, орта білім беру ұйымдарында жан басына қаржыландыру, халықты сапалы ауыз сумен қамту, газдандыру, жергілікті маңызы бар жолдарды дамыту, жастар мен көпбалалы отбасыларды тұрғын үймен қамтамасыз ету бар.



Сапалы шара, салмақты шешім: Экономика салаларының қолдау табады

«2021 жылы Қазақстанда ішкі жалпы өнімнің нақты өсімін 2,8 пайыз деңгейінде болжап отырмыз. Қазір экономика салаларын қолдау жөніндегі жоспарланған шараларды сапалы екі асырумыз керек, үйлесімді әрі желел шешімдер қабылдауымыз қажет. Қазіргі жағдайды ескере отырып, алға қойылған максаттарға қол жеткізу үшін ел бюджетінің жобасы қалыптастырылды. Онда қарастырылған қаражат мемлекеттің барлық әлеуметтік міндеттемелерін толық көлемде орындауға мүмкіндік береді», — делі А.Мамин.

Осы ретте Үкімет басшысы Парламентке аталған заң жобалары мен әлеуметтік-экономикалық даму болжамын белгіленген мерзімде енгізуді қамтамасыз етуді тапсырды.


Быыл елімізде 18 млн тонна астық жинау жоспарланған. 22,7 млн га жерге егін егілді, бұл 2019 жылғы деңгейден 439 мың гектарға артық. Дәнді дақылдар 15,9 млн га (оның ішінде бидай — 12,1 млн га), майлы дақылдар 2,9 млн га, мақта 125,8 мың га, қант қызылшасы 20,9 мың га, көкөніс-бақша өнімдері және картоп 457,4 мың га, жемшөп дақылдары 3,3 млн га алқапқа егілді. Қазіргі уақытта барлық өңірлер жаппай егін жинауға кірісті. Егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін арзандатылған дизель отынының қажетті көлемі — 395 мың тонна (ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер үшін орташа баға — шамамен 147 теңге/литр) анықталды. Республикада 145 мың трактор, 75 мың трактор тіркемесі,

38 мың астық жинау комбайны, 15 мың дестелегіш, 39 мың жүк автомобилі бар. Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қолдау үшін «Аграрлық несиелік корпорациясы» АҚ республикалық бюджеттен 70 млрд теңге көлемінде бюджеттік несиелер бөлініп, олар 3,4 млн га егін алқаптарын қамти отырып, толығымен АӨК-тің 2400 субъектісіне берілді. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы аясында 100 млрд теңге бөлінді, сондай-ақ Азық-түлік кәсіпшімарт корпорациясы ауыл шаруашылығы өнімдерін форвардтық түрде сатып алды.

«Үкімет тарапынан егін жинау жұмыстарын қаржылай және материалдық-техникалық қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шешімдер қабылданды. Жалпы алғанда, қолға алынған шаралар есебінен осы жылы астықтың болжамды жалпы жиналмасы 18 млн тонна деңгейінде (2019 жылға қарағанда 3,4% өсім) жоспарланып отыр. Қазақстан өзін астықпен толық қамтамасыз етеді. Экспорт әлеуеті де жақсы болады», — делі А.Мамин.

Үкімет басшысы астық жинау жұмыстарын сапалы әрі уақытылы жүргізу, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді жанар-жағармай материалдарымен қамтамасыз ету, сонымен қатар жиналған өнімді уақытылы қабылдау және тиісті сақтау жағдайларын ерекше бақылау бойынша барлық қажетті шараларды қабылдауды тапсырды.

ТУҒАН ЖЕР



АҚМӨШТ ҮҢГІРІ

Ақмөшіт әулие үңгірі — Орталық Азиядағы ең үлкен үңгірлердің бірі. Түркістан облысының Шымкент қаласынан 80 шақырым жеріндегі Бөйдібек ауданында орналасқан. Қаратаудың етегіндегі өткізгі жыныстар қабатында пайда болған ойық жарқабақ үңгір. Ұзындығы 254, ені 65, биіктігі 25 метр. Жарқабақ саңылауларынан мезгіл-мезгіл су тамып тұрады. Ішінен қарағанда ернеуі киіз үйдің шаңырағы секілді көрінеді. Ақсақалдардың айтуынша, үңгір бұрындары бұдан да үлкен болған. 1966 жылғы Ташкентте болған жер сілкінісінің әсерінен үңгірдің бір бөлігі опырылып, шөгін кеткен деседі. Үңгір ішіндегі температура қысы-жазы бірқалыпты 15-20 градус жылылықты көрсетеді екен.

БИЗНЕС&ҚОҒАМ

↳ 30 ТАМЫЗ – КОНСТИТУЦИЯ КҮНІ

Ата заң – кемелдену кепілі


> [1]

Президенттің 2017 жылдың 11 қаңтарындағы №140 Жарлығымен мемлекеттік билік тармақтары арасында өкілеттіктерді қайта бөлу жөнінде ұсынған енгізу үшін арнайы жұмыс тобы құрылды. Құрамына депутаттық корпус және мемлекеттік органдардың өкілдері, заңгерлер, құқықтанушылар және басқалары кірген бұл топ «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын дайындап шығарды.

Жаңа құжат Елбасының тапсырмасымен сол жылдың 26 қаңтарында жалпыхалықтық талқылауға шығарылды. Сондай-ақ Конституцияға 40-қа тарта өзгеріс енгізу ұсынылды. «Менің жарлығыммен әзірленген конституциялық реформалар жобасы бір ай бойы өткен бүкілхалықтық қызу талқылауға салынды. Әр адам ұсыныс беру құқығына ие болды. Бәріміз заң жобасын жаппай талқылап қана қоймай, оның сапалы болғанын көріп отырдық», – делі Қазақстанның тұңғыш президенті Нұрсұлтан Назарбаев 2017 жылдың 3 наурызында өткен ҚР Парламенті палаталарының бірлескен отырысында.

Осыдан кейін қос палата депутаттары Конституцияға енгізілетін өзгерістерді бірінші оқылымда-ақ мақұлдады.

Конституциялық реформаға сәйкес, сыртқы істер, ішкі істер және қорғаныс министрлерін президент бұйрығымен өзін тағайындайды. Министрлер лауазымына кандидаттарды президентке премьер-министр ұсынады.



Айтқандар болсақ, жаңа өзгерістерге орай, президент құзырындағы Министрлер кабинетін жасақтау және оның жұмысын қалағалау құзыреті парламентке беріледі. Үкіметтің де, Парламенттің де жауапкершілігі арта түседі.

Реформа құзырына орай, Президент ұлттық қауіпсіздік, қорғаныс, ішкі-сыртқы саясат, мемлекеттік басқару сыйды негізгі шаруаларды атқарады. Сонымен қатар үкімет президент пен қос палата депутаттарының алдына есеп береді.

2017 жылғы конституциялық өзгерістерге қарамастан елімізде президенттік басқару жүйесі өзгеріссіз қалып отыр.

НЕПІЗГІ ЗАҢ: «БИЛІКТІН БАСТАУЫ – ХАЛЫҚ»

Ата заңымыз Қазақстан Республикасының демократиялық мемлекет деп жариялайды. Конституцияның 3-бабы 1-тармағында: «Мемлекеттік билік бірден-бір бастауы – халық» деп атап айтылған. Халықты жоғары биліктің иесі ретінде тану – халық суверенитетінің көрінісі. Халық өз билігін тікелей республикалық референдум және сайлау арқылы жүзеге асырады, сонымен бірге билік жүргізуді мемлекеттік органдарға тапсырады.

Ең маңыздысы, халықтың

еркіндігін айшықтайтын бұл құжат өзінің нормаларымен және қағидаларымен ғана емес, бекітілген идеялары арқылы да қоғам мен мемлекетті өркендетіп дамыған елдердің қатарына жетелейді. Сол себепті басты міндет – жеке тұлғалардың, қоғамдық ұйымдардың және мемлекеттік органдардың Республика Конституциясына деген дәстүрлі құрметін дамыту. Бір сөзбен айтқанда, Ата заңымыз – еліміз дамуының, экономикалық тұрғыдан да нығая түсуінің, қоғамымыз зайырлы мемлекеттер қатарында кемелденуінің кепілі.

Конституция күні құтты болсын!

ЭЛЕМДІК АҚПАРАТ

FitchRatings

Еліміз рейтингі «Тұрақты» деп бағаланды

Fitch Ratings агенттігі Қазақстанның егемендік рейтингін «BBB» деңгейінде, «Тұрақты» болжамымен бекіткен. Агенттіктің пікірінше, Қазақстан рейтингі елдің экономикасының мұнайдан жинақталған табыстарында айқындалған, шикізат бағалары құбылуына қазыналық тұрақтылығын айғақтайды.

Беделді рейтингтік агенттік мұнайдың бағаларына байланысты және коронавирус індетінің таралуы қатерлеріне қарамастан, елде мемлекеттік қарыздың төмен деңгейде және сыртқы дүмпүлерді жұмсартуға жеткілікті қазыналық резервтердің айтарлықтай көлемі сақталып отыр, деп атап көрсетеді.

Рейтингтік агенттік пікірінше, Үкімет қабылдаған бизнес пен үй шаруашылығын қолдауға бағытталған дағдарысқа қарсы шаралар елдің экономикасы өсуіне жағымды тиген жағдайларды біршама жеңілдеткен. Ұлттық банк жүзеге асырып отырған айырбас бағамының құбылмалылық саясаты, Fitch Ratings атап айтқандай, талықсатпаны жұмсартуға мүмкіндік беріп, теңге бағамының іксемділігі 2014–2015 жылдардағы мұнайға бағалар құлдырауы уақытынан бері экономикалық саясат механизміне айтарлықтай жақсартуға айналды, деп бағалаған беделді рейтингтік агенттік.



Дағдарысқа қарсы пакет көмегі зор

Егер Үкімет қазір қолданыстардағыны ұзартпаса және қосымша шаралар қабылданса, Covid-19 індетінен қиын жағдайға тап болғандар кейбірлікпен бетпе-бет өздері қалмақшы, деп есептейді Human Rights Watch.

«Қазақстан Covid-19 індеті кезінде халыққа ақшалай жәрдемақы төлеп жатқан жалғыз орталықазиялық мемлекет ретінде оқшаулануда. Алайда осыныша көптеген қазақстандықтар қазірдің өзінде кедейлік шегіне тірелгенде, Үкімет карантин кезінде және одан кейін де әлеуметтік қолдауды шұғыл созудан және кеңейтуден бас тартса, бұның арты күрделі қиыншылықтарға ұрындыруы өлден мүмкін», – дейді Human Rights Watch компаниясының кедейшілік және тенсіздік бойынша аға зерттеушісі Лена Саймет.

Оның пайымдауынша, билік рецессияға ұрыну алдында сияқты, ал көптеген қазақстандықтар кедейлік шегімен бетпе-бет келіп отыр.



REUTERS

ОПЕК+ мәмілесін орындамағандар аталды

Мамырдан бастап шілдеге дейінгі кезеңде Ресей ОПЕК+ мәмілесін басты бұзушылардың бірі болып отыр. Бұл туралы министрлер мониторингтік комитетінің қездесуінен кейін ОПЕК+ өзінің ішкі құжаттарда атап көрсеткен, деп хабарлайды Reuters агенттігі.

Ресей шектеуде көрсетілгендегі орта есеппен тәулігіне 283 мың баррель артық өндірген. Бұлардан көбірек тек ОПЕК-ке кіретін Ирак, оларда тәулігіне плюс 851 мың баррель, ал Нигерия – 315 мың баррель артық өндіріп көзге түскен.



ОПЕК-тен тыс елдердің ішінде шектеуді бұзу бойынша Ресейден кейін Қазақстан (189 мың баррель) мен Оңтүстік Судан (149 мың) келеді екен. Жиянтығында проблемалық елдер келісіді 2,3 миллион баррельге орындамаған, деп атап көрсетілген есептемеде.

Бағыр РАХМЕТҮЛЛИН

↳ ҰРЛЫҚ ТУБЫ – ҚОРЛЫҚ


Барымташылар тобы құрықталды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Қазақ амандақанда «Мал-жан аман ба?» деп жөн сұрасқан. Дегенмен, соңғы кезде қордағы малын таппай қалатын азаматтар көбейіп барады. Ұрлық жақсылыққа апармайды! Бұған тыйым салу керек! Адал еңбек етіп, күнін көріп отырған малшыларды қорғауымыз қажет! Заңды қатайтып, қылмыскерлерді сыбайластарымен қосып, қатаң жазалау керек», дегені халықтың жолында.

Қазір бір шетінен коронавирус індеті, екінші жағынан жұмыссыздық пен қымбатшылық қысып жатқанда ұры-қарылар да жанталасып, «жығылғанға жұдырық» жұмсап, төрт түлікті ұрлауды тоқтатар емес. Күн-көрісі болып отырған малынан айрылғандар ауылдағы ағайын шауып полицияға, одан қалса бақсы-балгер, көріпкелдерге барады. Қолды болған малы табылса жақсы, табылмаса, салы суға кетіп, «салақа» деп жылы жауып қоя салады. Бұл күнделікті көріп-есітіп жүрген жағдай.

Рас, полиция қол қусырып қарап отырған жоқ. Қолдан келер жұмысты жасап жатыр. Оған дәлел – мал ұрлығының азауы. Ішкі істер министрлігінің мәліметіне қарағанда, мал ұрлығы елдегі жасалатын ұрлықтардың 3,5 пайызын құрайды. Соңғы бес жылда мал ұрлығының саны 56 пайызға азайған. 2015 жылы 19 535 бас мал ұрланса, өткен жылы он мыңның үстінде болған. Айта кетеріміз, полициялердің белсенді жұмысының арқасында ұрланған малдың жартысына жуығы иесіне қайтарылған. Осы бес жыл ішінде мал ұрлығы үшін 11 мың қылмыскер жазаға тартылған. Олардың 1,5 мыңы қылмысты топтасқан түрде жасаған.

Түркістан облысы Полиция департаментінің баспасөз қызметі берген мәліметке қарағанда, осы облыста мал ұрлығымен ұры-қарылар топ болып айналысқан. Жыл басынан бері түркістандық полициялар осындай 13



қылмыстық топтың жолын кесіп, олардың 77 мал ұрлығына қатысы бар екенін анықтаған.

Баспасөз қызметі таратқан мәлімет бойынша, криминалдық полиция қызметкерлері 2020 жылдың мамыр айында желделдізестіру шараларының нәтижесінде Түркістан және Қызылорда қалаларының аумағында үш жыл бойы мал ұрлаумен айналысқан бес адамнан тұратын ұйымдасқан қылмыстық топты құрықтап, тергеу олардың 19 мал ұрлығына қатыстылығын дәлелдеген. Қылмыстық топ барлығы 125 жылқы мен 30 бас ірі қара малды қолды еткен. Соңа дейінгі тергеу барысында күдіктілерден 19 жылқы мен тоғыз сиыр тәркіленіп алынған.

Барымташылардың тағы бір қылмыстық тобы маусым айында ұсталған. Жеті адамнан тұратын қылмыстық топ Түркістан облысының Қазығұрт, Сарыағаш және Төлебі аудандарында мал ұрлығымен айналысқан. полициялар күдіктілердің 264 бас жылқыны ұрлағанын, мал ұрлығының 16 жайытына қатысқандарын анықтаған. Айғақты зат ретінде күдіктілерден 69 бас жылқы тәркіленеді. Қазіргі уақытта қылмыстық топ мүше-

леріне қатысты материалдар заңды шешім қабылдау үшін сотқа жолданған.

Мұндай мысалды Қазақстанның басқа да облыстарынан көптеп келтіруге болады. Полициялар ұры-қарыларды анықтап, олар тиісті жазадан алғанына қарамастан, барымташылар айылын жияр емес. Оларға қарсы күреске тек полиция ғана емес, көп болып жұмылу қажеттігін өмірдің өзі көрсетіп отыр.

Ең алдымен, полиция мен тұрғындар арасында тығыз қарым-қатынас орнауы тиіс. Тәртіп сақшылары тұрғындармен жиі кездесіп, мал ұрлығының алдын алу жайлы іс-шараларды бірлесіп жүргізінуі жөн.

Полициялердің айтуына қарағанда, ұры-қары алыстан келмейді. Олар кімнің қорасында борлаққа мал бар екенін, қарусыз төрт түлік ауылдың қай тұсында жайылатынын, ұрлыққа қай уақыт қолайлы екенін – бәрін күні бүрүн жан-жақты зерттеуі тиіс.

Бұл ұры-қарылар үшін өте оңтайлы. Қайсыбір жылдары олар малды жайылымда жайратып салып, таза етін алып, терісі мен ішек-қарнын ашық аспан астында тастап кетуші еді. Осы арқылы мал иесі жылқысы немесе сиырының қолды болғанын білетін. Қазір жұрт төрт түлігін ұрланғанын білмей де қалады. Өйткені, айғақ жоқ. Ары-бері қарайлап, малы көзге түспесе, «ауылдың басқа тұсында жайылып жүрген шығар» деп өзін-өзі жұбатып қоя салады. Полицияға да хабар бермейді. Ал әккі барымташылар қарусыз жылқыны үйірімен, сиырды табынымен айдап әкетуді жөн санайды екен. Сонда ешқандай айғақ қалмайды.

Ұрлықты жылдам ашуға келергі келтіріп отырған жағдайдың бірі – төрт түлігін есепке қойып, таңба салуға немкетті қарайтындар бар. Осының өзін полициялардың жұмысына әжептәуір қиындық келтіреді. Сондықтан тұрғындардың бұл мәселеге салғырт қарамағаны абзал.

Полиция департаменттері малды жайылымға қарусыз жібермеу үшін «Малшы – мал иесі – әкімдік» деген принцип бойынша үш жақты шартқа отыру жөнінде тұрғындар арасында түсінік жұмыстарын жүргізіп келеді. Бұл «Малым жоғалса, полиция тауып беруге тиіс» деген түсінікте жүрген адамдардың, жалпы шартқа қол қоятын үш тараптың да жауапкершілігін арттырады.

Айта кету керек, әдетте жоғалған малды іздеуге көп күш-жігер, ресурс жұмсалады. Тіпті адам аяғы жетпейтін, автокөлік бара алмайтын таулы-тасты жер болса, жоқ іздеу үшін тікұшақ жалауға тура келеді. Оның әр сағаты қым-қымалы ақша. Сондықтан тұрғындар барлығын полицияларға артып қол салмай, өздері де мал-мүлікке деген жауапкершілікті терең сезіне білуі тиіс. Төрт түлігін қарусыз қалдырмауы керек.

Ғалым ОРЫНБАСАРҰЛЫ

БИЗНЕС&ҚАРЖЫ

НАРЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

▶ ЕЛОРДА

МҰҚТАЖ ОҚУШЫЛАР НАЗАРДАН ТЫС ҚАЛМАЙДЫ

Елордада аз қамтылған отбасындағы әр балаға 40 мың теңгеден көмек көрсетіледі.

Мұғалімдердің тамыз кенесінде елорда әкімі Алтай Көлгінов балалардың отбасындағы жағдайына тоқталып, жыл сайын жалпыға міндетті орта білім бағдарламасы бойынша мұқтаж оқушыларға материалдық көмек көрсетілетінін айтты. Былтыр аз қамтылған отбасылардағы әр балаға 30 мың теңге мөлшерінде көмек көрсеттік. Ол көмекті 12 700 бала алды», — деді ол.

Был оның мөлшері 10 мың теңгеге арттырылып, 40 мың теңгеге арттырылды. Енді қолбалаы отбасыда 4 бала болса 160 мың теңгегі, 3 бала болса, 120 мың теңгегі материалдық көмекі көрсетіледі. «Әрине, бұл қазіргі жағдайда жұмыс тоқтап, шағын бизнес тарапынан 60 млрд теңге бюджетке түсіп қалған кезде қиын. Біз оған қарамастан көмек көрсетуді, әсіресе, аз қамтылған отбасыларды қолдауды жағастырудымыз. Алайда қазықтың жаппай тілімен айтқанда «судан да сурауы бар». Өйткені, ата-аналар қаражатты қолға беріңдер деп жатыр. Біз де соны қаладық. Бірақ заң бойынша олай жасай алмайды екенбіз. Себебі үкімет қаулысында ол қаражатты жұмсаудың нақты мақсаты көрсетілген. Ең алдымен, балаларға мектепке қажетті киім-кешек пен заттарын алу керек. Мемлекеттік бюджет болғаннан кейін әрбір тынының есебін беруіміз керек. Соны түсіндірік, ата-аналар түсінді», — деді қала басшысы.

▶ АХКО: БИРЖА

«ДАМУ» ҚОРЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ ОБЛИГАЦИЯЛАР ЛИСТИНГІ ӨТТІ

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры АІХ-тегі алғаш «жасал» облигациялар листингін өткізді.

Astana International Exchange (AIX, биржа) «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ («Даму» қоры) жаңартылған энергия көздеріне (ЖЭК) инвестициялау төуекелдерін төмендету жөнінде БҰҰД-мен жасалған келісімінің шеңберінде АІХ-те 200 млн теңге сомасын «жасыл» купондық облигацияларын 36 айына мерзімін тіркеуді және шығаруды жузеге асырғанын хабарлады. Купондық мөлшерлемесі 11,75%. Бұл орналастыру биржаның «жасыл» қаридаттарына сәйкес келетін бағалы қағаздардың алғашқы листингін және Қазақстандағы алғашқы «жасыл» облигациялар листингін болды.

Қордың тартқан қаражаты «жасыл» облигациялар саласындағы саясатының шеңберінде ЖЭК бойынша шағын аумақты инвестициялық жобаларға іске асыратын кәсіпкерлік субъектілерін одан әрі кредиттеу мақсатында екінші деңгейдегі банктерде және микроқаржылық ұйымдарда орналастырылатын болады. Жоғарыда көрсетілген келісімнің шеңберінде купондық мөлшерлемесі бір бөлігі БҰҰД тарапынан субсидияланатын болады. «Даму» қорының біздің «жасыл» қаридаттарымызға сәйкес келетін бағалы қағаздарының листингін «жасыл» экономиканы дамытуға қаражат тартатын басқа да ұйымдар үшін үлгі болды деп сенеміз», — деді АІХ басқарма төрағасы Тим Беннетт.

Өз кезегінде «Даму» қоры басқарма төрағасы Гаухар Бөрібаева АІХ-тегі «жасыл» облигациялар листингін «Даму» қоры үшін «жасыл» қаржыландыру және микро, шағын, орта жеке бизнесті қолдау стратегиясын іске асырудағы маңызды қадам болғанын атап өтті. «Бұл шығарылған жаңартылған энергия көздері мен энергия тиімділігі саласындағы жобаларды дамытуға және қаржыландыруға ынталандыратын болады деп сенеміз. «Жасыл» қаржыландыруға сұраныс артқан жағдайда, «Даму» қоры осындай жобаларға инвестициялауға арналған «жасыл» облигацияларды қосымша шығару мүмкіндігін қарастыруға әзір», — деді ол.

▶ ӘЛЕУМЕТ

БІРЖОЛҒЫ ТӨЛЕМ АУДАРЫЛДЫ

2,3 миллионнан астам қазақстандық біржолғы төлем қаражатын алды.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің хабарлауына, шілдедегі шектеулерге байланысты 42 500 теңгені алуға 2 млн 589 мыңнан астам қазақстандықтан өтініш түскен. 25 тамыздағы жағдай бойынша, 2 млн 384,3 мың адамға төлем тағайындалып, 2 млн 380,2 мың қазақстандыққа ақшалай қаражат аударылған. Ал 2 млн 372 мың адамға тамыз айында карантиннің ұзартуына байланысты 0,5 ЕТЖ — 21 250 мың теңге мөлшерінде қосымша ақы берілген.

Бұрын хабарланғандай, елімізде карантиннің 2 аптаға созылуына байланысты МӘСҚ-тан біржолғы төлем алушыларға 0,5 ЕТЖ — 21 250 теңге мөлшерінде қосымша ақы төленді. 2020 жылдың шілдесінде МӘСҚ-тан біржолғы төлем алған қазақстандықтарға карантиннің ұзартуына байланысты қосымша ақы бірден тағайындалды. Қайта өтініш беруді қажеті жоқ. Карантин ұзартылғаннан кейін біржолғы төлем тағайындауға алғаш рет өтініш берген азаматтарға төлем 1,5 ЕТЖ немесе 63 750 теңге (42 500 + 21 250 теңге) мөлшерінде тағайындалды. Өтініш қабылдау 2020 жылдың 1 қыркүйегіне дейін жалғасады.

Рымтай САҒЫНБЕКОВА

▶ ҰЛТТЫҚ БАНК

Қарантиндік шектеулер: Ақша-кредит саясатының көрсеткіштері жаңартылды

Төрткүл дүниеге таралған коронавирус ілдеті әлем елдеріне әлеуметтік-экономикалық даму болжамдарын қайта қарауға мәжбүр етті. Әлемнің ірі экономикаларының жандана бастауына қарамастан, Covid-19 екінші толқынының келу қаупі және АҚШ пен Қытай қарым-қатынасының шиеленісуі жаһандағы күрделі жағдайдың жақын арада жақсара қоймасына көз жеткізгендей. Осы ретте сейсенбіде өткен үкімет отырысында еліміздің 2021-2025 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамы қаралды.

РЫМТАЙ САҒЫНБЕКОВА

Үкімет отырысында жасаған баяндамасында Ұлттық банктің төрағасы Ерболат Досаев биылғы және алдағы кезеңдегі инфляция болжамы, төлем теңгерімі, ақша-кредит саясаты, бюджет тапшылығы мен Ұлттық қор қаражатының жағдайына тоқталды.

Әлемдік экономиканың қалпына келе бастауы және энергия ресурстарын тұтынудың өсуі нәтижесінде Brent маркалы мұнайға баға белгілеу биылғы сәуірдегі ең төменгі мәннен 25 тамызға бір баррель үшін \$45,1 дейін, 2,8 есе өсті. «Биыл мұнай бағасының одан әрі өсуі коронавирус инфекциясының екінші рет қайталану мүмкіндігіне, АҚШ пен Қытайдың сауда қатынасының шиеленісуіне байланысты, сондай-ақ ОПЕК+ қатысушыларының биыл 1 тамыздан бастап мұнай өндірісін ұлғайту аясында шектеледі. Ұлттық банктің қазақстандық кәсіпорындарға жүргізген сауалнамасы биыл 3-тоқсанда экономикалық белсенділікті қалпына келтірудің төмен қарқыны күтілетіндігін көрсетеді. Билл шілде айында басталған іскерлік белсенділіктің төмендеуі тамызда да карантиндік шектеулер аясында жалғасуы мүмкін», — деді өз сөзінде Ерболат Досаев.

Ұлттық банк төрағасы өзектендірілген макроэкономикалық деректері ескере отырып, ақша-кредит саясатының көрсеткіштері бөлігіндегі әлеуметтік-экономикалық даму болжамы жаңартылғанын атап өтті. Дезинфляциялық әсер көрсететін азсіз ішкі сұраныс аясында биылғы жылға арналған инфляция болжамы әлеуметтік-экономикалық даму болжамының



бірінші кезеңіндегі 9-11%-дан 8-8,5%-ға дейін қайта қаралды. Күтілетін төлем теңгерімі тапшылығы аясында айырбастау бағамының бағаларға тасымалдануы, сондай-ақ ұлғайған фискалдық импульс инфляцияға әсер етеді, оның инфляцияға ықпалы 2021 жылы да жалғасады. «Тісінше, біздің мұнай бағасының бірінше өсуі және ішкі экономиканың қалпына келуі аясында жылдық инфляция 4-6% деңгейін жоғары шекарасына жақын қалыптасады және 2022 жылы да осы деңгейде болады. Осыған байланысты инфляция болжамы мынадай тартетерге сәйкес келеді: 2021-2022 жылдары 4-6%, 2023-2024 жылдары 4-5% және 2025 жылы 3-4%», — деді ол.

Биыл алғашқы жартыжылдықта төлем теңгерімінің қолданыстағы шотының профициті (алдын ала бағалау бойынша 2,1 млрд АҚШ доллары) тікелей инвесторларға төленетін кірістердің төмендеуі және жыл басындағы мұнайдың салыстырмалы түрде жоғары бағасы мен жеткізілімізге есебін тіркеліп отырғандықтан, 2020 жылдың қорытындысы бойынша пайдасына саларынан төлем қабілеттілігінің төмендеуі және инвестициялық жобалардың іске асырылуының баяулауы аясында Ұлттық тауарлар импорттың 13,1%-ға қысқару болжамына қарамастан төлем теңгерімінің қолданыстағы шотының тапшылығы күтіледі.

Ағымдағы шоттың тапшылығы биыл өткен жылмен салыстырғанда мұнай бағасының жалпы төмендеуіне және мұнай өндіруді қысқарту бойынша ОПЕК+ мәмілесінің талаптарын сақтауға, сондай-ақ екінші жартыжылдықта тікелей инвесторларға төленетін кірістерді біртіндеп қалпына келтіруге байланысты тауарлар экспортының қысқаруы аясында қалыптасады. Бұдан кейінгі импорттың болжамды серпіні импортты алмастырудың белсенді саясатын іске асыруға негізделген. Бұл ретте, 2021 жылы кейінге қалдырылған сұраныс пен 2020 жылы тоқтатылған қойылған инвестициялық жобаларды жеделдетіп іске асыру салдарынан импортты қалпына келтіру және оның 8,1%-ға өсуі күтіледі. Тауарлар экспортының болжамы шикізаттық емес тауар экспортының ұлғаюы бойынша күтулерді көрсетеді, бұл 2025 жылға қарай экспорттың 50 млрд АҚШ долларынан жоғары деңгейге дейін кезең-кезеңімен өсуіне әкеледі. Ұлттық банк үкіметтің ондешуі нәтижесінде экспорттың 2025 жылға қарай 42%-ға ұлғайту жөніндегі хоспарын қолдайды.

Ақша-кредит саясатының көрсеткіштері, ақша көлемін, депозиттер мен кредиттерді қоса алғанда, Ұлттық экономика министрлігі орта мерзімді кезеңге ұсынған жалпы ішкі өнімнің номиналдан өсу болжамы негізінде қарастырылады. Биыл жыл

қорытындысында депозиттердің азсіз өсуі күтіледі, оның есебінен халықтың нақты табысының төмендеуі аясында тұтыну шығыстарының бір бөлігі қаржыландырылады. Нәтижесінде депозиттердің долларлану деңгейі биылғы шілдеде 39,5%-ға дейін төмендеді (былтырғы желтоқсанда 43,1%). Депозиттерден басқа, айналыстағы қолма-қол ақша көлемі әлеуметтік төлемдердің өсуі аясында өседі, бұл жиынтығында осы жылы ақша көлемін арттырады. «Біздің күткеніміздей, ағымдағы жылы іскерлік белсенділіктің баяулауы аясында бұл өсуі ақша көлемін арттырады. Осы жылдың басынан бері ЕДБ кредиттері шілдесі соңында 0,5%-ға (немесе 67,1 млрд теңгеге), 13,9 трн теңгеге дейін ұлғайды. Ұлттық банк қазіргі уақытта «тамыз-қыркүйек» болжам раунын өткізіп жатыр, оның шеңберінде макроэкономикалық индикаторлардың болжамдары қайта қаралады. Атап айтқанда, биыл 7 айда ІЖӨ-нің 2,9%-ға қысқаруы бойынша нақты деректері ескере отырып, ІЖӨ-нің 2020 жылға қысқаруының ағымдағы болжамы жаңартылады», — деді Ерболат Досаев.

Республикалық бюджеттің жобасы мемлекеттік бюджет тапшылығы мен Ұлттық қордан бөлінетін трансферттер көлемін едәуір артуын көздейді. Болжам бойынша, 2023 жылдың соңына қарай Ұлттық қор қаражаты жалпы ішкі өнімнің 30,8%-ын құрайды және оның 30%-ына тен азаймайтын қалдығына жамқандайды. Е.Досаев осыған байланысты 2021 жылы контрцикльдік бюджет ережесінің енгізілуін ескере отырып, Ұлттық қордың жинақтау функциясын сақтау және мұнай тапшылығын азайту үшін шаралар қабылдау қажет болатынын атап өтті. 2021 жылға арналған кепілденіп отырған трансферт көлемі 2,7 трн теңге, 2022 жылы 2,4 трн теңге, 2023 жылға 2,2 трн теңге болады. Сондай-ақ 2021 жылғы 1 трн теңге көлемінде нысаналы трансферт көзделген. Ұлттық қор қаражаты 2020 жылдың соңында 27,3 трн теңге болып, жалпы ішкі өнімнің 38,5% құрайды, 2021 жылы — 26,6 трн теңге (34,7%), 2022 жылы — 26,9 трн теңге (32,7%), 2023 жылы — 27,6 трн теңге (30,8%) болмақ.

▶ НАРЫҚ

Инвестициялық монеталар айналысқа шықты

Ұлттық банк жоғары сынамалы алтын мен күмістен соғылған Altyn barus және Kіmis barus жаңартылған инвестициялық монеталарын, сонымен қатар Ата заңымыздың және Қазақстан халқы ассамблеясының 25 жылдығына орай мерекелік монеталарды айналысқа шығарды.

БЕКЕТ КӨКЕНАЙҰЛЫ

Ұлттық банк айналысқа шығарған 10, 20, 50, 100, 200, 500 теңгелік алтын, 1, 2, 5 және 10 теңгелік күміс Altyn barus және Kіmis barus инвестициялық монеталарындағы мемлекеттік тілдегі жазулар өзгертіліп, мүсіндік бейнелер жақсартылды.

999,9 жоғары сынамалы алтын мен күмістен соғылған инвестициялық монеталардың негізгі мақсаты — қаражатты инвестициялау және жинақтау.

Қазір әлемде инвестициялық монеталардың «Крюгерранд» (Оңтүстік Африка), «Америкалық бүркіт» (АҚШ), «Вена филармониясы» (Австрия), «Панда» (Қытай), «Үйеңкі жапырағы» (Канада) деп аталатын бірнеше ірі брендтері бар.

Қазақстанның алғашқы инвестициялық «Жібек жолы» монеталары 1996 жылы айналысқа шығарылды. 2009 жылдан бастап дүзізінің өзгеруіне байланысты тұлғи салмақ сипаттамалары бар «Алтын барыс»



және «Күміс барыс» инвестициялық монеталары шығарыла бастады. Инвестициялық монеталардың ерекшеліктері: таралымы шектелмеген; «proof» технологиясы қолданылмастан дайындалды; монета жасалған металдың құны мен салмағына байланысты кіріс алу мүмкіндігі; сату және сатып алу ережелеріне сәйкес сатып алу монеталарға металдың салмағы бойынша есептелетіндіктен, Ұлттық банк монетаның сәйкес сүртінін (сызаттар, зернелері және т.б.) қарамастан келісімімен алуға қабілетті; қосылған құнына салық салынбайды.

Алтын мен күмістен жасалған барлық номиналдардағы инвестициялық монеталар Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында белгіленген құнына сәйкес төлемдердің барлық түрлері бойынша, сондай-ақ банк шоттарына есепке алу және аудару үшін міндетті түрде қабылданады, еліміздің барлық банктерінде шектеусіз ұсақталады және айырбасталады.

Altyn barus және Kіmis barus инвестициялық монеталары Қазақстан теңге сарайында дайындалған. Оларды Қазақстан Ұлттық Банкінің барлық аумақтық филиалдарынан, сондай-

ақ www.nationalbank.kz сайтындағы Интернет-дүкен арқылы сатып алуға болады.

Ұлттық банк Ата заңымыздың және Қазақстан халқы ассамблеясының 25 жылдығы сыйды айтулы мерекелерге орай мөлшерін қоспасынан номиналы 200 теңгелік және негізгілер қоспасынан номиналы 100 теңгелік «QAZAQSTAN KONSTITUTSIASYNA 25 JYL» және «QAZAQSTAN HALQY ASSAMBLEIASY. 25 JYL» атты коллекциялық монеталарды айналысқа шығарды.

«Proof-like» сапалы монеталар МН 25 мөлшерін қоспасынан, салмағы 15 грамм, диаметрі 33 мм, номиналы 200 теңгелік, таралымы 3000 дана, ал «Uncirculated» сапалы монеталар МНЦ 15-20 МНЦ 15-20 қоспасынан, салмағы 11,17 грамм, диаметрі 31 мм, номиналы 100 теңгелік, таралымы 50 000 дана болып дайындалған.

Монеталар коллекциялық құны бойынша сатуға арналған, төлемдердің барлық түрлері бойынша еліміз аумағында белгіленген құнымен қабілетті, сондай-ақ банк шоттарына есепке алуына және аударуына міндетті, барлық банктерде шектеусіз ұсақталады және айырбасталады.

Мөлшерін қоспасынан дайындалған монеталар қоспасының орманда шығарылады. Коллекциялық монеталар Қазақстан теңге сарайында дайындалған.

БИЗНЕС&ӨНДІРІС

▶ НЕГІЗГІ ӨСІМ

КРІ: Кешен құрылысы аяқталуға жақын

▶ I I I

Атырау және Маңғыстау облыстарына жұмыс сапары барысында КРІ кешенінің құрылыс алаңында, Ақтау және Құрық теңіз порттарында болып, мұнайшылармен және облыс басшыларымен тілдескен ұлттық әл-ауқат қорының басқарма төрағасы Ахметжан Есімов тиімсіз ұңғымалар қорына қатысты шаралар қабылдау қажеттігін баса айтты.

— Өндіру көлемінің төмендеуіне байланысты жүргізілген оңтайландыру шараларына қарамастан, өндірістегі жұмыс орындарын сақтау және ағымдағы жылға арналған өндірістік бағдарламаларды орындау — басымдықты міндет болып қала береді. Өкінішке қарай, кей тұста жоспарлан арта қалушылық орын ауда. Компания басшылығы межеленген көрсеткіштерге қол жеткізуге бағытталған шараларды қабылдауға қажет, — деп Ахметжан Есімов.

Қазірде елдегі ірі өнеркәсіптік кәсіпорындардың бірі — Kazakhstan Petrochemical Industries (КРІ) мұнай-химия кешенінің құрылысы 74%-ке аяқталған. Келер жылы аяқталатын жоба жылына 500 мың тоннаға дейін полипропилен өндіру мүмкіндік береді. Бұл заманауи пластик түрлерін өндірудің негізгі материалы болып табылады және тамақ, машина жасау, медицина салаларында қолданылады, бұны-түю материалдары мен құбырлар, кенсе жабдықтары мен жиһаздар үшін негіз болады. Полипропилен өндіру кешенінің құрылысы кейіннен саланың жоғары технологиялық базалық өнімін алуден өндіре мұнай-химия кластерін құру бойынша бірінші кезең болып табылады. Жоба про-



панды (бірінші фаза) және этапты (екінші фаза) терең өңдеу бойынша әлемдік деңгейдегі қазіргі заманғы технологияларды қолдануды көздейді. Кешен алаңы Атырау қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 33 км, Қарабатан бекетінен солтүстікке қарай 8-9 км жерде орналасқан. Жобаны іске асыру нәтижесінде құрылыс кезеңінде 3000-нан астам жұмыс орын және пайдалану кезеңінде 500-ден астам жұмыс орын құру, пластикалық бұйымдар шығаратын полипропилен базасында шағын және орта бизнесті дамыту, салық базасын кеңейту, сондай-ақ аралас салаларды дамыту көзделген. Қазіргі уақытта құрылыс-монтаждау

жұмыстары кестеге сәйкес жүріп жатыр. А.Есімов осы қарқынды одан әрі сақтау қажеттігіне назар аударды.

Самұрық-Қазына төрағасы кейбір енішлес ұйымдардың басшылығын сына алып, ескертпелер жасады. Мәселен, «Қарабатан» ГТЭС-інде өндірілетін электр энергиясының төмен бағасына қарамастан, түсініксіз себептермен оны басқа көздерден сатып алуды жалғастыруда.

Маңғыстау және Атырау облыстарының әкімдері Серікбай Трумов пен Махамбет Досұхамбетов Қор басшылығына дағдарысқа қарсы қабылданған шаралар үшін алғыс білдірді. Осы қадамдардың

нәтижесінде қиын кезеңде ешбір қызметкер жұмыстан босатылған жоқ, қызметі уақытша тоқтатылған сервистік компанияларда да жалақы төленуде.

Ақтауда Қор басшысы Құрық және Ақтау порттарындағы қазіргі жағдаймен танысты. Бұл инфрақұрылымдық нысандардың еліміздің транзиттік әлеуеті үшін маңызы зор. Олардың қызметіне Өңтүстік-Шығыс Азиядағы пандемия жағдайы, сондай-ақ кейбір сыртқы факторлар әсерін тигізді. А.Есімов ҚТЖ мен Құрық портының басшылығына порттың жүктеме деңгейін арттыру үшін бірлесіп күш салуды маңыздылығын атап айтты.

НАРЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

▶ ҚАЙТА ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

ВАЛЮТАЛЫҚ ҚАТЕРДІШ БЕТІН ҚАЙТАРДЫ

Екібастұз ГРЭС-2 шетел валютасындағы барлық міндеттемелерін қайта қаржыландырды.

«Самұрық-Қазына» АҚ мен «Самұрық-Энерго» АҚ тен акционерлері болып табылатын «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ жалпы сомасы шамамен 100 млрд теңге болатын шетел валютасындағы барлық міндеттемелерін қайта қаржыландырып, валюталық қатердің бетін толығымен қайтарды, бұны ықтимал күрестік шығындарды жойды. Бұл іс-шара ел экономикасының доппарға байланыстылығы дегенді төмендету, Қазақстанның валюталық міндеттемелері мен сыртқы қарыздарын азайту жөніндегі мемлекеттің саясатын қолдау аясында өткізілді. Қайта қаржыландыру көзі — «Қазақстанның халық банкі» АҚ.

Бұл мәмілені іске асыру Екібастұз ГРЭС-2-ге валюталық қатерді толығымен жоюға, сыйақы мөлшерлемесін бекітуге, келіледі жылжитын және жылжымайтын мүлкін толығымен босатуға алуға мүмкіндік берді, соның арқасында 1 млрд теңгеден астам жыл сайынғы ілесіп шығару оңтайландырылды. Қосымша мәміле ұлттық валютада бекітілген ұзақ мерзімді қарыз есебінен қорландыру шарттарын жақсартуға және қаржыландыру құрылымын оңайлатуға мүмкіндік берді.

▶ КМГ: КЕЛІСІМ

ГАЗ АЙЫРУ ҚОНДЫРҒЫСЫ ТҮРГЫЗЫЛАДЫ

КРІ және ТШО компаниялары «Газ айыру қондырғысын» жобалау барысында негізгі талаптар туралы келісімге қол қойды.

